

«TOIMART SUMMER FEST – Кока-Коламен арман круизін ұтып ал!!!»

ЖАРНАМА НАУҚАНЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы жарнамалық науқанды өткізу ережелері (бұдан әрі – **"Ережелер"**) "Toimart Summer Fest – Кока-Коламен арман круизін ұтып ал!!!" жарнамалық науқанына (бұдан әрі - **"Науқан"**) қатысу тәртібі мен шарттарын белгілейді. Науқанның мақсаты – The Coca-Cola Company сауда белгілерін пайдалана отырып, «Кока-Кола Алматы Боттлерс» БК ЖШС өндіретін сусын өнімдері (бұдан әрі - **«ТССС өнімдері»**) тұтынушыларының адалдығын нығайту, жаңа тұтынушыларды тарту, танымалдылығын арттыру және сату көлемін ұлғайту.

1.2. Осы Ережелер ҚР АҚ 395-бабының 5-тармағына сәйкес осы Ережелердің 3.1-тармағында көрсетілген Науқан кезеңі ішінде жария оферта болып табылады. Науқанға өз еркімен қатыса отырып, Қатысушы осы Ережелермен танысқандығын, олармен толық келісетінін және оның барлық шарттарын еш шектеусіз және сөзсіз қабылдайтынын растайды. Науқанға қатысуға бағытталған әрекеттер Ережелермен алдын ала танысу және олармен келісу фактісін растайды.

1.3. Осы Ережелермен Ұйымдастырушының ресми www.toimart.kz веб-сайтында қазақ және орыс тілдерінде, сондай-ақ Ұйымдастырушының Instagram әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында (@toimart.supermarket) танысуға болады. Науқанға қатысушылар осы Ережелердің мәтінімен өздері танысып, олардың өзектілігін бақылап отыруға жауапты. Мәтіндер әркелкі оқылған жағдайда Ұйымдастырушының www.toimart.kz веб-сайтында жарияланған мәтін басымдыққа ие болады.

1.4. Бұл Науқан, соның ішінде жүлделердің ұтыс ойыны тек жарнамалық мақсатта өткізіледі және лотерея, құмар ойын, бәс тігу немесе «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттелетін өзге қызмет түрі болып табылмайды және Науқанға және жүлделердің ұтыс ойынына қатысушы тұлғалардан қатысу үшін қосымша ақы төлеуді талап етпейді.

2. НАУҚАННЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ СЕРІКТЕСІ

2.1. Науқанды Ұйымдастырушы: "TOIMART" ЖШС; тіркелген мекенжайы: Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Розыбақиев көшесі, 4-үй, пошта индексі 050009 (бұдан әрі – **"Ұйымдастырушы"**).

2.2. Науқанның Техникалық серіктесі: «Кока-Кола Алматы Боттлерс» БК ЖШС, БСН: 010140000669, тіркелген мекенжайы: Қазақстан, Алматы қ., Алмалы ауданы, Гоголь көшесі, 203/73 ғимарат, пошталық индексі: A05D0G0 (бұдан әрі - **"Техникалық серіктес"**).

3. НАУҚАНДЫ ӨТКІЗУ КЕЗЕҢІ МЕН АУМАҒЫ

3.1. Науқанды өткізу кезеңі:

- 1) Науқанның басталуы: Алматы қ. уақыты бойынша 2025 жылғы 03 шілде сағат 08:00-ден бастап;
- 2) Науқанның аяқталуы: Алматы қ. уақыты бойынша 2025 жылғы 07 қыркүйек сағат 23:59-ға дейін.

3.2. Науқанды өткізу аумағы: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Toimart супермаркеттері. Барлық супермаркеттердің мекенжайлары Ұйымдастырушының ресми www.toimart.kz веб-сайтында жарияланған.

4. НАУҚАНҒА ҚАТЫСАТЫН ӨНІМДЕР

4.1. Науқанға келесі көлемдегі The Coca-Cola Company (Дзе Кока-Кола Компани) сауда белгілері бар сусын өнімдері (бұдан әрі – **"Науқандық өнім"**) қатысады:

№	Атауы	Көлемі	Штрихкоды
1	Piko Pulpy Апельсин	1 л, ПЭТ	5449000176448
2	Bonaqua газдалған	1 л, ПЭТ	5449000026583
3	Bonaqua газдалмаған	1 л, ПЭТ	5449000005489
4	Coca-Cola Classic	1 л, ПЭТ	5449000054227
5	Coca-Cola Zero Sugar	1 л, ПЭТ	5449000133328
6	Fanta Апельсин	1 л, ПЭТ	5449000006271
7	Fanta Лимонад	1 л, ПЭТ	5449000152831
8	Sprite	1 л, ПЭТ	5449000050939
9	Fuse Tea лимон	1 л, ПЭТ	5449000189318
10	Fuse Tea шабдалы	1 л, ПЭТ	5449000189332
11	Fuse Tea манго-ананас	1 л, ПЭТ	5449000189356
12	Fuse Tea түймедақ	1 л, ПЭТ	5449000027474
13	Fuse Tea лайм-жалбыз	1 л, ПЭТ	5449000306951
14	Fuse Tea қарбыз	1 л, ПЭТ	5449000163462
15	Fuse Tea құлпынай-қауын	1 л, ПЭТ	5449000200853

5. НАУҚАНҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

5.1. Науқанға келесі тұлғалар қатыса алады:

- 1) Науқандық өнімді сатып алу кезінде 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматтары;
- 2) Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты бар және оның аумағында тұрақты тұратын, Науқандық өнімді сатып алу кезінде 18 жасқа толған шет мемлекеттердің әрекетке қабілетті азаматтары.

Ескерту: Науқанға қатыстырылмайтын тұлғалар: (i) осы тармақтың талаптарына сәйкес келмейтін тұлғалар, (ii) Ұйымдастырушының және Техникалық серіктестің жұмыскерлері, қызметкерлері және уәкілетті өкілдері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері мен олармен еншілес тұлғалар, (iii) Науқанды әзірлеу, ұйымдастыру және өткізу аясында Ұйымдастырушымен және Техникалық серіктеспен шарттық қатынастағы үшінші тұлғалардың жұмыскерлері, қызметкерлері және уәкілетті өкілдері.

5.2. Әрекетке қабілеті шектеулі және әрекетке қабілетсіз тұлғалар Науқанға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздерінің заңды өкілдері арқылы қатысады.

6. НАУҚАННЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

6.1. Науқанның жүлде қоры (бұдан әрі – **"Жүлде қоры"** немесе **"Жүлделер"**) келесі Жүлделерден тұрады:

№	Жүлденің атауы	17.07.2025	31.07.2025	14.08.2025	28.08.2025	11.09.2025	Барлығы
1	2 (екі) адамға арналған круизге жолдама	2 дана	2 дана	2 дана	2 дана	2 дана	10 дана
2	Apple AirPods сымсыз құлаққаптары	2 дана	2 дана	2 дана	2 дана	2 дана	10 дана
3	HUAWEI Watch Fit 4 Pro смарт-сағаты	1 дана	1 дана	1 дана	1 дана	1 дана	5 дана
4	Honor Pad X9a, 11.5" планшеті	1 дана	1 дана	1 дана	1 дана	1 дана	5 дана
5	Samsung, 10 000 mA·saғ сыртқы аккумуляторы	4 дана	4 дана	4 дана	4 дана	4 дана	20 дана
6	Мойынға арналған «Джерри» жастықғы	7 дана	7 дана	7 дана	7 дана	7 дана	35 дана
7	Жолға арналған чемодан, көлемі 100 л	4 дана	4 дана	4 дана	4 дана	4 дана	20 дана
8	Балаларға арналған чемодан, көлемі 33 л	4 дана	4 дана	4 дана	4 дана	4 дана	20 дана

Ескертпе: (i) Жүлделер саны шектеулі, (ii) Жүлделер қайтарылмайды, алмастырылмайды және орнына Жүлде құнының ақшалай баламасы немесе өзге өтемақы берілмейді, (iii) Жүлделердің нақты сипаттамалары, сыртқы келбеті және басқа параметрлері Науқанның жарнамалық материалдарында, сондай-ақ Ұйымдастырушы мен Техникалық серіктестің веб-сайтында, әлеуметтік желілерде немесе басқа ақпарат көздерінде ұсынылған суреттер мен сипаттамалардан өзгеше болуы мүмкін.

7. НАУҚАНҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

7.1. Науқанға қатысу үшін Toimart супермаркеттер желісінің сатып алушысы келесі әрекеттерді орындауы керек:

- 1) Кемінде 5 000 (бес мың) теңгеге Науқандық өнімнің кемінде 2 (екі) бірлігін қамтитын сауда жасау;
- 2) Жасалған сауда үшін төменгі жағында арнайы промо-код көрсетілген бақылау-кассалық чек алу;
- 3) Ұйымдастырушының www.toimart.kz веб-сайтындағы жеке пайдаланушы кабинетінде промо-кодты белсендіру.

Жоғарыда аталған әрекеттерді орындаған сатып алушы Науқан қатысушысы (бұдан әрі – **«Қатысушы»**) атанады.

Мысалы, егер бақылау-кассалық чекте 5 500 теңге сомасы көрсетілсе және оған Науқандық өнімнің 2 (екі) бірлігі кірсе, сатып алушыға 1 (бір) промо-код беріледі. Егер чек сомасы 10 500 теңгегі құраса және онда 4 (төрт) Науқандық өнім бірлігі көрсетілсе, сатып алушыға 2 (екі) промо-код беріледі.

7.2. Науқанға тек Toimart супермаркеттерінің кассаларында Науқандық өнімдерді жекелеп сатып алған сатып алушылар қатыса алады. Науқанға қатысу үшін Қатысушы Ұйымдастырушының www.toimart.kz веб-сайтында тіркелуі керек. Тіркеусіз промо-кодтарды белсендіру және Науқанға қатысу мүмкін емес.

7.3. Қатысушылар промо-кодтары бар бақылау-кассалық чектердің түпнұсқаларын Науқан кезеңі, соның ішінде ұтыс ойыны мен Жүлде беру кезеңі бойы сақтауы тиіс. Жүлделер промо-коды бар бақылау-кассалық чектің түпнұсқасы көрсетілген кезде ғана беріледі. Промо-кодтары бар бақылау-кассалық чектердің көшірмелері кез келген өзге нысанда қабылданбайды және Жүлде алуға құқық бермейді.

7.4. Промо-кодтар бірегей болып табылады және оларды Науқан кезеңі бойы тек бір рет ғана белсендіруге болады. Бақылау-кассалық чектің жалпы сомасы 100 (жүз мың) теңгеден асқан жағдайда да бір бақылау-кассалық чекте ең көбі 20 (жиырма) промо-код болуы мүмкін.

7.5. Сатып алушы Науқан аясында сатып алынған тауарларды қайтарып, олардың құнын өтеп алған жағдайда тиісті бақылау-кассалық чектің заңды күші жойылады да, ол бойынша берілген промо-кодты Ұйымдастырушы жойып, Жүлделер ұтысына қатыстырмайды. Ұйымдастырушы жойылған промо-кодтарды қосымша ескертусіз Қатысушылар дерекқорынан алып тастауға құқылы.

7.6. Науқанға қатыса отырып, Қатысушы өзінің ерікті, саналы және өз мүддесі үшін әрекет ететінін растайды, сондай-ақ өзінің дербес деректерін өңдеуге келісім береді. Дербес деректерді өңдеу тек Науқанды өткізу мақсатында, соның ішінде Қатысушыларды тіркеу, сәйкестендіру, промо-кодтарды басқару, қорытындылау және жүлделерді тапсыру үшін жүзеге асырылады. Осы Науқанды іске асыру үшін қажетті жағдайларды қоспағанда дербес деректер үшінші тұлғаларға берілмейді.

8. ЖҮЛДЕЛЕР ҰТЫСЫ

8.1. Жүлде қорының ұтыс ойынын өткізуді және жеңімпаздарды (бұдан әрі - **"Жеңімпаздар"**) айқындауды Ұйымдастырушының өкілдері Instagram әлеуметтік желісіндегі Ұйымдастырушының ресми парақшасында (@toimart.supermarket) тікелей эфирде (онлайн-трансляция) кездейсоқ сандар генераторын көмегімен жүзеге асырады. Тікелей эфирлердің күндері мен уақыты:

№	Күні	Уақыты
1	2025 жылдың 17 шілдесі	16:00 Алматы қ. уақыты бойынша
2	2025 жылдың 31 шілдесі	16:00 Алматы қ. уақыты бойынша
3	2025 жылдың 14 тамызы	16:00 Алматы қ. уақыты бойынша
4	2025 жылдың 28 тамызы	16:00 Алматы қ. уақыты бойынша
5	2025 жылдың 11 қыркүйегі	16:00 Алматы қ. уақыты бойынша

8.2. Жүлделердің белгіленген ұтыс ойыны күні Ұйымдастырушының өкілдері ресми www.toimart.kz веб-сайтынан промо-кодтарды ағымдағы ұтыс ойыны күні сағат 00:00-ге дейін белсендірген барлық Қатысушылардың деректерін жүктеп алады. Көрсетілген деректерден бірыңғай дерекқор қалыптастырылады, онда Қатысушылардың әрқайсысына бірегей нөмір беріледі. Қатысушыларға берілген барлық бірегей нөмірлер Жүлделердің белгіленген ұтыс ойынына дейін www.randstuff.ru веб-сайтындағы кездейсоқ сандар генераторына жүктеледі.

8.3. Жүлде қорының ұтыс ойынын ашық әрі тәртіпке сай өтуін қамтамасыз ету мақсатында Ұйымдастырушы әрбір ұтыс ойынының алдында Ұйымдастырушының 3 (үш) өкілінен тұратын комиссия (бұдан әрі — **"Комиссия"**) құрады. Комиссия мүшелері өз арасынан Комиссияның жұмысына ұйымдастырушылық-техникалық қолдау көрсететін Комиссия хатшысын сайлайды. Комиссияның міндеттері: Жүлде қорының осы Ережелерге сәйкес ұтысқа салынуын қадағалау және бақылау, тиісті актіні жасау және оған қол қою арқылы ұтыс ойынының нәтижелерін ресімдеу және растау, сондай-ақ Жүлде қорын ұтысқа салу кезінде хаттаманы жүргізіп, ресімдеу және Жүлде қорын ойнату аяқталғаннан кейін акт жасау.

8.4. Жүлделердің ұтыс ойынын Ұйымдастырушының өкілдері келесі тәртіппен өткізеді:

- 1) ұтыс ойынының белгіленген уақытында Ұйымдастырушының өкілдері Ұйымдастырушының Instagram (@toimart.supermarket) әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында тікелей эфирді (онлайн-трансляция) бастайды;
- 2) тікелей эфирде Ұйымдастырушының өкілдері ойнатылатын Жүлденің атауын жариялайды және ұтыс нөмірін анықтау үшін кездейсоқ сандар генераторын іске қосады;
- 3) ұтыс нөмірі анықталғаннан кейін Ұйымдастырушының өкілдері сол ұтыс нөмірі берілген қатысушының Т.А.Ә. және байланыс деректерін сәйкестендіреді;
- 4) Қатысушының Т.А.Ә. және байланыс деректері сәйкестендірілгеннен кейін Ұйымдастырушының өкілдері Жеңімпаздың Т.А.Ә, тікелей эфирде жариялайды және оның телефон нөміріне қоңырау шалады;
- 5) Ұйымдастырушының өкілдері Жеңімпазбен сәтті байланысқа шыға алған жағдайда оған промо-коды бар бақылау-кассалық чектің түпнұсқасының бар-жоқтығы туралы сұрақ қойылады:

— егер Жеңімпаз промо-коды бар бақылау-кассалық чектің түпнұсқасы бар екенін растаса, ол Жүлде алу құқығына ие болады. Ұйымдастырушының өкілдері оған Жүлдені тапсыру тәртібі мен мерзімдері туралы хабарлайды;

— егер Жеңімпаз промо-коды бар бақылау-кассалық чектің түпнұсқасы бар екенін растай алмаса, ол Жүлдені алу құқығынан айырылады. Бұл жағдайда Жүлде басқа Қатысушылар арасында қайта ұтысқа салынады;

6) Егер Ұйымдастырушының өкілдері қатарынан 3 (үш) рет Жеңімпазға қоңырау шалып, онымен байланысқа шыға алмаса, онда Жеңімпаз Жүлдені алу құқығынан айырылады. Бұл жағдайда Жүлде басқа Қатысушылар арасында қайта ұтысқа салынады.

Ұйымдастырушының өкілдері жоғарыда көрсетілген әрекеттерді ұтыс ойынының тиісті күніне арналған барлық Жүлделер ойнатылғанға дейін қайталайды. Егер тікелей эфир басталғанға дейін немесе оның барысында техникалық ақау орын алса (оның ішінде интернет байланысы үзілсе), Ұйымдастырушы Жүлделерді қайта ұтысқа салу туралы шешім қабылдауға құқылы. Жүлделерді қайта ұтысқа салу туралы шешім Комиссияның келісімі бойынша қабылданады.

Ескертпе: ағымдағы ұтыс ойынында Жүлде ұтпаған промо-кодтар автоматты түрде келесі ұтыс ойындарына, соның ішінде Жүлделердің соңғы ұтыс ойынына қатысады.

8.5. Жүлделердің ұтыс ойыны аяқталғаннан кейін Ұйымдастырушының өкілдері тікелей эфирді тоқтатады, Жеңімпаздардың қорытынды тізімін қалыптастырады және оны үш (3) күнтізбелік күн ішінде ресми www.toimart.kz веб-сайтында және Ұйымдастырушының Instagram әлеуметтік желісіндегі парақшасында (@toimart.supermarket) ұтыс ойынының жазбасымен бірге жариялайды. Жеңімпаздар Жүлделерді алу тәртібі, орны және мерзімдері туралы қосымша хабардар етіледі және олардың осы Ережелердің 7-бөлімінде көрсетілген қатысу шарттарын орындауы тексеріледі.

9. ЖҮЛДЕЛЕР БЕРУ

9.1. Жеңімпаздарға жүлделер Ұйымдастырушының бас кеңсесінде табыс етіледі. Ұйымдастырушының мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Розыбақиев көшесі, 4-үй, 1-қабат, клиенттік бөлім. Жүлделер табыс етілетін күндер:

№	Күні
1	2025 жылғы 23 шілде
2	2025 жылғы 06 тамыз
3	2025 жылғы 20 тамыз

4	2025 жылғы 03 қыркүйек
5	2025 жылғы 17 қыркүйек

9.2. Талдықорған, Үшарал және Жаркент қалаларындағы Жеңімпаздардың Жүлделері Toimart супермаркеттерінің тиісті филиалдарына жеткізіліп, Науқан аяқталғаннан кейін беріледі. Жүлде беру күні Жеңімпаздарға 2025 жылдың 07 қыркүйегінен кейін хабарланады. Круизге туристік жолдама түріндегі Жүлделер тек Алматы қаласындағы бас кеңседе беріледі. Оларды алу үшін Жеңімпаз осы Ережелердің 9.1-тармағында көрсетілген мекенжайға өзі келуі тиіс.

9.3. Жүлдені алу үшін Жеңімпаз келесі іс-әрекеттерді орындауға міндетті:

- 1) Ұйымдастырушының өкілдеріне Жеңімпаздың жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну;
- 2) Ұйымдастырушының өкілдеріне жеке табыс салығын төлеу үшін қажет құжаттарды немесе мәліметтерді беру;
- 3) Хабарлау және Жүлдені алу туралы актіге қол қою;
- 4) егер осы Ережелердің 12-бөлімінде көзделген мақсатта қажет болса, дербес деректерді жинауға және өңдеуге ресми келісім беру.

9.4. Жеңімпаз Жүлделер ұтысының нәтижелері ресми жарияланған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Жүлдені алу ниетін растап, оны 2025 жылғы 19 қыркүйектен кешіктірмей іс жүзінде алуға міндетті. Егер Жеңімпаз белгіленген мерзімде Жүлдені алу ниетін растамаса, оны алуға келмесе немесе кез келген өзге себеппен оны алудан бас тартса, Ұйымдастырушы ондай Жүлдені Жеңімпаздың келісімінсіз және оған қандай да бір өтемақы төлеместен өз қалауы бойынша қолдануға құқылы.

Круизге туристік жолдама түріндегі Жүлденің алдын ала белгіленген күні мен бағыты бар. Күні – 17.10.2025 ж. по 20.10.2025 ж. аралығы; Бағыты - Шанхай, Қытай – Чеджу (Оңтүстік Корея). Жеңімпаздар жолдаманы тек Premium Travel Company туристік агенттік арқылы жолдаманың өзінде көрсетілген мерзім ішінде пайдалана алады. Жолдама өзге туристік қызметтерге айырбасталмайды, оның бағыты мен мерзімі өзгертілмейді және ақшалай қаражатқа ауыстырылмайды.

9.5. Ұйымдастырушы мен Техникалық серіктес туристік агенттік ұсынатын қызметтер үшін, соның ішінде турларды брондау, билеттерді ресімдеу, визалық қолдау, трансфер, орналастыру қызметтері үшін, сондай-ақ сол қызметтердің сапасы, мерзімі, көлемі және мәлімделген шарттарға сәйкестігі үшін жауап бермейді. Туристік қызметтерді көрсетуге байланысты барлық мәселелер тек Жеңімпаз бен аталған қызметтерді көрсететін туристік агенттік арасында реттелуі тиіс. Ұйымдастырушы мен Техникалық серіктес Жеңімпаз бен туристік агенттік арасындағы шарттық қатынастардың тарабы болып табылмайды және осындай шарттарда көзделген талаптарды орындауға немесе орындалуын бақылауға міндетті емес.

9.6. Ұйымдастырушы және Техникалық серіктес Жеңімпаздан Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Жүлде алу кезінде Жеңімпазға салынуы мүмкін жеке табыс салығын (бұдан әрі – **ЖТС**) төлеу үшін қажет құжаттарды және (немесе) деректерді талап етуге құқылы. Жеңімпаз Ұйымдастырушыға осындай құжаттарды және (немесе) деректерді беруден бас тартқан жағдайда Ұйымдастырушы мен Техникалық серіктес Жүлдені беруден бас тартуға құқылы.

9.7. Ұйымдастырушы Жеңімпазға Жүлдені табыстаған сәтте Ұйымдастырушының Жүлдені табыстау міндеті орындалған болып есептеледі. Жүлдені алу және хабарлау актіне көрсетілген күн Жүлдені табыстау күні болып есептеледі. Жүлде табыс етілген сәттен бастап ол Жеңімпаздың меншігіне өтеді. Жеңімпаз Жүлденің сақтығына, соның ішінде оның бүлінуіне, жоғалуына немесе басқа да ұқыпсыз қолданысына толықтай өзі жауапты болады.

10. ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

10.1. Қатысушының құқықтары:

- 1) осы Ережелермен, олардағы барлық өзгерістермен және толықтырулармен танысу;
- 2) Науқанға осы Ережелерде белгіленген тәртіп пен шарттарға сәйкес қатысу;
- 3) Жеңімпаз деп танылған және осы Ережелердің шарттарын толық сақтаған жағдайда Жүлдені беруді талап ету.

10.2. Қатысушының міндеттері:

- 1) осы Ережелердің шарттары мен талаптарын орындау;
- 2) осы Ережелерде белгіленген Науқанға қатысу талаптарына сай келу;
- 3) осы Ережелерде белгіленген өзге де міндеттерді орындау.

11. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫНЫҢ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ СЕРІКТЕСТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

11.1. Ұйымдастырушы мен Техникалық серіктестің құқықтары:

- 1) Қатысушылардан осы Ережелердің сақталуын талап ету;
- 2) осы Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 3) Науқанды тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, аяқтау немесе жою;
- 4) Жүлде қорына кіретін Жүлделердің мазмұнын, құрамын және санын өзгерту және толықтыру;
- 5) осы Ережелерде немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда Қатысушылармен жазбаша келіссөздер немесе коммуникацияның өзге формаларын жүргізбеу;
- 6) осы Ережелердің шарттарын орындамаған немесе бұзған, өзі туралы жалған немесе толымсыз мәлімет берген, сондай-ақ Науқанның мақсаттарына, тәртібіне немесе рухына қайшы келетін өзге де іс-әрекеттер жасаған Жеңімпазға жүлде беруден бас тарту;

7) осы Ережелерде белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

11.2. Ұйымдастырушы мен Техникалық серіктестің міндеттері:

- 1) Науқанды осы Ережелерде белгіленген тәртіп пен шарттарға сәйкес өткізу;
- 2) осы Ережелердің барлық талаптарын орындаған Жеңімпаздарға Жүлделердің берілуін қамтамасыз ету;
- 3) Қатысушылармен дауларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарау және шешу;
- 4) осы Ережелерде және (немесе) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда Қатысушы ұсынған ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу.

12. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ

12.1. Науқан аясындағы Ұтыс ойыны және Жүлде табыстау бұқаралық шара ретінде ұйымдастырылып, оған Жүлде табыстау процесін аудио, фото және видео жазбаға түсіретін БАҚ өкілдері қатысуы мүмкін. Науқанға қатыса отырып, барлық Науқан Қатысушылары өз аттары, мекенжайлары, фото және видео бейнелері мен аудио жазбалары бұқараға жарияланып, Ұйымдастырушының, Техникалық серіктестің және (немесе) Науқанды дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге жұмылдырылған басқа тұлғалардың қалауы бойынша аудио, фото және видео материалдарында қандай да бір өтемақысыз қолданылуы мүмкін екендігімен келіседі.

12.2. Жоғарыда аталған бұқаралық іс-шара ұйымдастырылған және өткізілген жағдайда Ұйымдастырушы мен Техникалық серіктестің өкілдері және (немесе) Науқанды дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге жұмылдырылған басқа тұлғалар Қатысушыларды, Жеңімпаздарды және (немесе) олармен бірге келетін тұлғаларды осы шарт пен жоғарыда аталған келісімді және (немесе) жеке деректерді жинауға және өңдеуге қатысты келісімді беру қажеттілігі туралы хабардар етеді.

12.3. Ұтыс ойынына қатысатын әрбір Қатысушы мен Жүлде алуға келген әрбір Жеңімпаз өзінің аты-жөні, бейнесі, аудио және видео жазбасы Ұйымдастырушы, Техникалық серіктес және (немесе) Науқанды дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге жұмылдырылған басқа тұлғалар өз қалауынша қажет деп табатын кез-келген түрде жариялануы және Ұйымдастырушы, Техникалық серіктес және (немесе) Науқанды дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге жұмылдырылған басқа тұлғалар тарапынан кез-келген аудио, фото және видео материалдарда Қатысушылардың, Жеңімпаздардың қосымша келісімінсіз, рұқсатынсыз, Қатысушыларға, Жеңімпаздарға қандай да бір өтемақы берілуісіз және оларды келешекте хабардар етпестен қолданылуы мүмкін екендігімен келіседі.

13. THE COCA-COLA КОМПАНИЯСЫНЫҢ САУДА БЕЛГІЛЕРІ

13.1. Осы Ережелерде ештеңе Қатысушыға және (немесе) Жеңімпазға ТССС тауар белгілеріне иелік етуге немесе олардан табыс табуға құқық бермейді. Ережелер де, Науқанға қатысу да Қатысушыға және (немесе) Жеңімпазға ТССС мен Техникалық серіктестің атауын, эмблемаларын, тауар белгілерін немесе авторлық құқықтарын маркетингтік немесе жарнама мақсаттарында, сондай-ақ Науқан аясынан тыс басқа мақсаттарда қолдануға немесе атауға (ТССС-дің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз) құқық бермейді. Қатысушы ТССС тауар белгілерінің заңдылығын және ТССС-дің оларға деген құқығын мойындайды және бұл қағидатқа ешқашан күмән келтірмейді.

13.2. Қатысушы осы Ережелердің ТССС тауар белгілеріне қатысты құқықтарды сақтау шарттарын бұзған жағдайда Техникалық серіктес сол шарт бұзушылыққа байланысты өзі және (немесе) ТССС, сондай-ақ қандай да бір басқа авторизацияланған өндіруші және (немесе) ТССС тауар белгілері бар тауарлардың дистрибьюторы қандай да бір басқа аумақта көрген шығындарды өтеуді талап етуге құқылы, ал Қатысушы Техникалық серіктестің сол талабын бірден орындауға міндетті.

13.3. Ережелердің осы тармағы Науқан кезеңі аяқталғаннан кейін де өз күшінде қалады.

«COCA-COLA», «COCA-COLA ZERO SUGAR», «COKE», «COKE ZERO», «COKE LIGHT», «FANTA», «SPRITE», «PIKO», «КОНТУРЛЫ БӨТЕЛКЕ», «ДИНАМИКАЛЫҚ ТОЛҚЫН» ЖӘНЕ БАСҚА ДА ТАУАР БЕЛГІЛЕРІ «THE COCA-COLA COMPANY» (ДЗЕ КОКА-КОЛА КОМПАНИ) КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТІРКЕЛГЕН ТАУАР БЕЛГІЛЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

14. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ШЕКТЕЛУІ

14.1. Ұйымдастырушы және Техникалық серіктес Науқанға қатысуға тікелей немесе жанама байланысты кез келген әрекеттер, қателіктер, жағдайлар немесе салдарлар үшін жауап бермейді. Ондай жағдайлардың қатарына басқалармен бірге кіретіндер: Қатысушының (соның ішінде Жеңімпаздың) осы Ережелерді қате түсінуі; Науқанға қатысу шарттарының орындалмауы; Ұйымдастырушының ресми веб-сайтындағы жеке кабинетте деректердің қате, ішінара немесе толымсыз көрсетілуі; Жүлделердің субъективті пікірлерге сәйкес келмеуі; Науқандық өнімдердің болмауы; жабдықтың, байланыс құралдарының, бағдарламалық жасақтаманың, Ұйымдастырушының ресми веб-сайтының жұмысындағы ақаулар; Қатысушының немесе үшінші тұлғалардың кінәсінен дербес деректердің жоғалуы, рұқсатсыз пайдаланылуы немесе ашылуы; банктердің, пошталық, курьерлік немесе басқа қызметтердің әрекеттері; адам жасына қатысты және басқа да шектеулердің сақталмауы; сондай-ақ Науқанды өткізуге, Жеңімпазды анықтауға немесе Жүлделерді алуға әсер ететін форс-мажорлық жағдайлардың туындауы.

15. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

15.1. Осы Ережелер алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді, осы Ережелер жарияланған күнге қарамастан 2025 жылғы 03 шілдеде сағат 08:00-де басталған Науқанды қамтиды және 2025 жылғы 07 қыркүйек сағат 23:00-ге дейін (қоса алғанда) немесе Жұлделер толық берілген сәтке дейін қолданылады.

15.2. Осы Ережелер алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді, осы Ережелер жарияланған күнге қарамастан 2025 жылғы 03 шілдеде сағат 08:00-де басталған Науқанды қамтиды. Ережелер 2025 жылғы 07 қыркүйек сағат 23:00-ге дейін (қоса алғанда) немесе Жұлделер толық берілген сәтке дейін (қайсысы ерте келетініне байланысты) қолданылады.

15.3. Осы ережелердің орыс және қазақ тіліндегі нұсқаларының арасында қандай да бір айырмашылық туындаған жағдайда екі түрлі мағынаны болдырмас үшін орыс тіліндегі нұсқа басым күшке ие болады.

15.4. Ұйымдастырушы мен Техникалық серіктестің Науқанды өткізуге қатысты барлық мәселелер бойынша шешімдері түпкілікті, барлық қатысушылар үшін міндетті болып табылады және талқылауға немесе шағымдануға жатпайды.

15.5. Ұйымдастырушы мен Техникалық Серіктес өз қалауы бойынша осы Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, сондай-ақ осы Ережелердің 13.6 және 13.7- тармақтарына сәйкес тиісті ақпаратты жариялай отырып, Науқанды кез-келген уақытта тоқтата тұруға, жалғастыруға, ұзартуға, аяқтауға немесе жоюға құқылы.

15.6. Осы ережелердің мәтініне Ұйымдастырушы мен Техникалық Серіктес тарапынан енгізілген кез-келген өзгеріс пен толықтырулар Ұйымдастырушының ресми www.toimart.kz сайтында және Ұйымдастырушының Instagram (@toimart.supermarket) әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында жарияланады.

15.7. Ұйымдастырушы мен Техникалық Серіктестің Науқан күшін жою, тоқтата тұру, қайта бастау, жалғастыру, ұзарту немесе аяқтау туралы шешімі Ұйымдастырушының ресми www.toimart.kz сайтында және Ұйымдастырушының Instagram (@toimart.supermarket) әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында жарияланады.

15.8. Осы Ережелерде көрсетілген барлық мерзімдер Қазақстан Республикасы Алматы қаласының уақытымен есептеледі.

ПРАВИЛА ПРОВЕДЕНИЯ РЕКЛАМНОЙ АКЦИИ «TOIMART SUMMER FEST – Выиграй круиз мечты с Coca-Cola!!!»

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Настоящие правила проведения рекламной акции (далее – «**Правила**») устанавливают порядок и условия участия в рекламной акции «Toimart Summer Fest – Выиграй круиз мечты с Coca Cola!!!» (далее – «**Акция**»), направленной на укрепление лояльности потребителей, привлечение новых клиентов, повышение узнаваемости и увеличение объёмов продаж питьевой продукции, производимой ТОО СП «Кока-Кола Алматы Боттлерс» с использованием товарных знаков The Coca-Cola Company (Дзе Кока-Кола Компани).

1.2. Настоящие Правила являются публичной офертой в соответствии с п. 5 ст. 395 ГК РК, действующей в период проведения Акции, указанный в пункте 3.1. настоящих Правил. Участие в Акции является добровольным и означает полное и безоговорочное согласие Участника с настоящими Правилами, включая принятие всех его условий без ограничений и оговорок. Совершение действий, направленных на участие в Акции, подтверждает факт предварительного ознакомления с Правилами и согласия с ними.

1.3. Настоящие Правила доступны для ознакомления на казахском и русском языках на официальном веб-сайте Организатора по адресу: www.toimart.kz, а также на официальной странице Организатора в социальной сети Instagram (@toimart.supermarket). Участники Акции несут личную ответственность за своевременное ознакомление с Правилами и отслеживание их актуальной редакции. В случае разночтений приоритет имеет текст, размещённый на веб-сайте Организатора по адресу: www.toimart.kz.

1.4. Настоящая Акция, включая розыгрыш призов, проводится исключительно в рекламных целях и не является лотереей, азартной игрой, пари или иным видом деятельности, подпадающим под регулирование Закона Республики Казахстан «О лотереях и лотерейной деятельности» и Закона Республики Казахстан «Об игорном бизнесе», а также не требует от лиц, участвующих в Акции и розыгрыше призов внесения дополнительной платы за участие в ней.

2. ОРГАНИЗАТОР И ТЕХНИЧЕСКИЙ ПАРТНЕР АКЦИИ

2.1. Организатор Акции: ТОО «ТОИМАРТ», зарегистрированное по адресу: Казахстан, город Алматы, Алмалинский район, улица Розыбакиева, дом 4, почтовый индекс 050009 (далее – «**Организатор**»).

